



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 94 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І**

**Есеп айырысу мен төлемдерді ұйымдастыру туралы және
теңге/юань валюталық свопы туралы келісімдерге қол қою туралы**

2014 жылғы 15 желтоқсан

Астана

2014 жылдың 14 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Қытай Халық Банкі Есеп айырысу мен төлемдерді ұйымдастыру туралы келісімді және Қазақстан теңгесі/Қытай юані валюталық свопы туралы келісімді жасады.

Келісімдерге Қытай Халық Республикасы Мемлекеттік кеңесінің Премьері Ли Кэцяннің Қазақстан Республикасына ресми сапары шеңберінде 2014 жылғы 14 желтоқсанда Астана қаласында екі мемлекеттің үкімет басшыларының қатысуымен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Қайрат Келімбетов және Қытай Халық Банкінің Төрағасы Чжоу Сяочуан қол қойды.

Есеп айырысу мен төлемдерді ұйымдастыру туралы келісім Қазақстан мен Қытайдың резиденттері арасында шетел, сол сияқты ұлттық валюталарда екі елдің аумағында тауарларға, қызметтерге және басқа операциялар бойынша есеп айырысу мен төлемдерді жүзеге асыру мүмкіндігін көздейді. Келісімде ұлттық валюталарды география және операциялар аясы бойынша пайдалану саласын кеңейту, юань/теңге валюталық жұбымен сауданы ашу саласындағы ынтымақтастық көзделеді. Осылайша, бұл Келісім ұлттық валюталарды екіжақты есеп айырысуларда пайдалану саласын кеңейту үшін құқықтық негіз құрай алады.

Қазақстан теңгесі/Қытай юані валюталық свопы туралы келісім жалпы сомасы 7 млрд. юаньға/200 млрд. теңгеге жасалды. Бұл Келісімнің қаражаты екі ел арасында ұлттық валюталарда сауданы қаржыландыру үшін пайдаланылуы мүмкін. Келісім ашылуы туралы екі елдің орталық банктері уағдаласқан своп-желіні жаңартады.

Екі келісім де Қазақстан мен Қытайдың ұлттық валюталарында өзара сауданы және тікелей инвестицияларды дамыту үшін оңтайлы жағдайлар жасауға бағытталған.

2014 жылғы 25 қыркүйекте Қаржылық ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-Қытай кіші комитетінің Тоғызыншы отырысының шеңберінде

Қазақстан қор биржасында теңге/юань валюталық жұбымен сауда іске қосылды. Қытайдың Банкаралық валюталық сауда орталығының Өңірлік нарығында (Үрімші қ.) теңге/юань саудасы 2014 жылғы 16 желтоқсанда басталады. Екі елдің ұйымдастырылған банкаралық нарықтарында жаңа валюталық құралды енгізу арқылы теңге/юань валюталық жұбымен сауда үшін инфрақұрылымды құру ұлттық валюталарда есеп айырысумен өзара сауданы дамытуға ықпал ететін болады.

Есеп айырысу мен төлемдерді ұйымдастыру туралы келісімге қол қойыла отырып, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Қытай Халық Банкі арасындағы шекаралас аудандардағы саудада банкаралық есеп айырысулар туралы 2005 жылғы 14 желтоқсандағы бұрын қойылған келісімнің қолданылуы тоқтатылды.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады: +7 (727) 2704 639, +7 (727) 2704 585, +7 (727) 3302 497, e-mail: press@nationalbank.kz, www.nationalbank.kz.